

2007 жылғы 1 шілдедегі банктік емес сектордың ағымдағы жағдайы

2007 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 29 ұйым, оның ішінде қолданыстағы лицензия негізінде 10 ипотекалық ұйым жұмыс істейді.

№	Ұйымның атауы	01.01.2007	01.07.2007
1	Ипотекалық ұйымдар	10	10
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар, оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар	16	19
	Барлығы	26	29


Ипотекалық ұйымдар

Активтер. 2007 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 33 518,9 млн. теңгеге немесе 36,6 %-ға өсіп, 172 879, 9 млн. теңгені құрады.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасында маңызды үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар құрап отыр – 83% (143 566,1 млн. теңге), сонда бағалы қағаздарға 8% (13 744,6 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 4,4% (7 702,6 млн. теңге) келіп отыр.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2007		01.07.2007		Өсімі (%-бен)
	млн. теңге	%-бен жиынтығы	млн. теңге	%-бен жиынтығы	
Ақша	115,3	0,1	173,2	0,1	50,2
Корреспонденттік шоттар	1 634,6	1,3	7 702,6	4,4	4,7 есе
Бағалы қағаздар	12 783,3	10,1	13 744,7	8,0	7,5
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	2 550,0	2,0	2 925,0	1,7	14,7
«Кері РЕПО» операциясы	0,0	0,0	505,0	0,3	100,0
Клиенттерге берілген заемдар	103 472,4	81,7	143 566,1	83,0	38,7
Капиталға инвестиция және реттелген борыштар	2 752,6	2,2	0,0	0,0	-100,0
Негізгі құрал – жабдықтар және материалдық емес активтер	1 007,5	0,8	1 690,8	1,0	67,8
Басқа активтер	2 238,60	1,8	2 572,5	1,5	14,9
Барлығы активтер	126 554,3	100	172 879,9	100	36,6

01.01.07ж жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың активтер құрылымы (%)



01.07.07ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың активтер құрылымы (%)



Кредиттік портфель. 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда 39,7 %-ға өсті және 145 954,4 млн. теңге болды.

Қаралып отырған кезеңде ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 93,8%-дан 92,7%-ға дейін кеміді, күмәнді кредиттердің үлесі 6,0%-дан 7,0%-ға дейін ұлғайды, ал үмітсіз кредиттердің үлесі біршама өсіп, 0,3% болды.

Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01.2007		01.07.2007	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығына % -бен	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығына % -бен
Несие портфелі барлығы	104 432,9	100	145 954,4	100
Стандартты	97 922,0	93,8	135 260,7	92,7
Күмәнді	6 317,0	6,0	10 168,2	7,0
<i>1 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	4 797,5	4,5	7 119,4	4,9
<i>2 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	762,2	0,7	1 662,7	1,1
<i>3 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	424,9	0,4	0	0
<i>4 санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	268,4	0,3	406,1	0,3
<i>5 санатты күмәнді</i>	64	0,1	979,9	0,7
Үмітсіз	193,9	0,2	525,3	0,3



Ипотечалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі негізгі үлес (99,2%) 3 ірі ипотечалық компанияларға тиесілі: «БТА Ипотека» АҚ (47,6%), «Қазақстан ипотечалық компаниясы» АҚ (36,3%), «Астана-финанс» ипотечалық ұйымы» АҚ (15,3%).

Міндеттемелер. Ипотечалық ұйымдардың міндеттемелерінің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 41,7 %-ға өсті және 2007 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 140 091,9 млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотечалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (57,2 %) және басқа банктерден алынған заемдар (41 %) басым болды.

Ипотечалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.07		01.07.07		Өсім % -бен
	млн. теңге	жиынтығына % -бен	млн. теңге	жиынтығына % -бен	
Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	27 975,5	28,3	57 339,5	41,0	104,9
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	0,0	0	0,0	0	0
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	67 581,5	68,4	80 241,3	57,2	18,7
Басқа кредиторлар	788,2	0,8	726,9	0,5	-7,7
Басқа міндеттемелер	2 491,5	2,5	1 784,2	1,3	-28,4
Міндеттемелердің барлығы	98 836,7	100	140 091,9	100	41,7

Кірістілік. 2007 жылғы 1 шілдеде ипотечалық ұйымдар табыс салығын төлегеннен кейін 2 026,4 млн. теңге мөлшерінде жиынтық таза кіріс алды, бұл өткен жылдың осындай ұқсас кезеңіне қарағанда 2,6 есе көп (2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша – 777,9 млн. теңге). Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 12 509,7 млн. теңге болды (2006 жылғы 1 шілдеде – 6 352,2 млн. теңге), шығыстар – 10 483,3 млн. теңге (2006 жылғы 1 шілдеде – 5 574,3 млн. теңге) болды.

млн. теңге

Ипотечалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңгемен	01.05.2006	01.07.2007	Өзгеріс (+;-), %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	5 336,6	9 164,1	71,7
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	3 136,7	5 269,7	68,0
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	1 015,5	3 345,6	в 3,3 раза
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	2 437,8	5 213,6	в 2,1 раза

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (67,3% немесе 8 420,7 млн. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында – бағалы қағаздар бойынша (30,6% немесе 3 204,5 млн. теңге) сыйақы төлеуге байланысты шығыстар үштен бірден артық орын алады.

Ипотечалық ұйымдардың меншікті капиталы ағымдағы жыл басынан бастап 5 070,4 млн. теңгеге немесе 18,2%-ға өсіп, 1 шілдедегі жағдай бойынша 32 788,0 млн. теңге болды.

Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар

2007 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдардың жиынтық активтері жыл басымен салыстырғанда 1,6%-ға кеміп, 679 313,2 млн. теңге болды.

Осының алдындағы кезеңдер сияқты ұйымдардың активтер құрылымында басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестиция салу үлкен үлес алады – 38,9% (264 402,6 млн. теңге), заңды және жеке тұлғаларға заемдар – 17,1% (116 528,1 млн. теңге). Ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда басқа банктерге орналасқан салымдар 2,2 есеге дейін көбейді, бағалы қағаздардың өсуі 11,9% болды.

. теңге

Қаржылық көрсеткіштер	01.01.2007	01.07.2007	Өсім, %
Активтер, оның ішінде	690 277,2	679 313,2	-1,6
Ақша	50 801,3	70 085,3	37,9
Орналасырылған салымдар	17 480,4	39 334,3	2,2 есе
Бағалы қағаздар	15 022,7	16 808,9	11,9
Клиенттерге заемдар	78 127,6	116 528,1	49,1
Капиталға салынған инвестиция және субординирленген борыш	354 533,6	264 402,6	-25,4
Дебиторлық берешек	85354,2	91 171,1	6,8
Басқа активтер	88 957,2	80 982,9	-8,9
Міндеттемелер, оның ішінде	245 302,7	144 367,7	-41,1
Қамтылған салымдар	577,7	665,1	15,1
Заемдар және қаржылық жалдау	169 462,8	68 128,9	-59,8
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	19 424,7	16 809,2	-13,5
Кредиторлық берешек	31 361,6	34 661,4	10,5
Басқа міндеттемелер	24 475,7	24 103,1	-1,5
Меншікті капитал	444 974,5	534 945,5	20,2
Жарғы капиталы, оның ішінде	247 170,8	278 457,1	12,6
Бөлінбеген таза кіріс (жабылмаған шығын)	94 547,9	66 550,0	-29,6

Өзге ұйымдардың жиынтық несие портфелінің құрылымында 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттер 95,8%, күмәнді – 2,6% және үмітсіздері

– 1,6% болса да, 2007 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша стандартты кредиттер 92,5%, күмәнді – 3,9% және үмітсіздері – 3,6% болып отыр.

2007 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жеке және заңды тұлғаларына берілген жиынтық заемдар сомасы жыл басымен салыстырғанда 20,1%-ға өсіп, 98 240,8 млн. теңге болды.

Ұйымдардың міндеттемелерінің жиынтықты мөлшері жыл басынан бастап жартысына дейін кеміді және 144 367,7 млн. теңге болды. Ұйымдардың міндеттемелері құрылымында заемдар мен қаржылық жалдау мейлінше көп үлес алады (43,3 %).

2007 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге меншікті капиталының жиынтық көлемі жыл басымен салыстырғанда 20,2%-ға немесе 89 971,0 млн. теңгеге өсіп, 534 945,5 млн. теңге болды.